Аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті
# Маяк
Районная еженедельная общественно-политическая газета
2023 жыл / год
20 казан / октябрь
№41 (64502)
Издается со 2 августа 1939 года
Сайт акима Астраханского района: www.astrahan.akmol.kz / астрахан.мем.қаз / www.astrahan.gov.kz

## АУДАНҒА ЖАҢА ПРОКУРОР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

***Астрахан ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімінің міндетін атқарушы Жанар Шахпутова мен Ақмола облысы прокурорының орынбасары Серік Ильясов Астрахан ауданына жаңадан тағайындалған аудан прокурорын таныстырды.***



Жиынға аудан әкімінің орынбасары, аудандық сот төрағасының міндетін атқарушы, аудандық полиция бөлімінің бастығы, дербес бөлім басшылары қатысты.

Облыс прокурорының орынбасары Серік Ильясов жиынға қатысушыларға жаңадан тағайындалған аудан прокуроры Марат Сұлтановпен таныстырып, оның еңбек жолына тоқталып, жаңа қызметте үлкен сенім артылып отырғандығын жеткізді.

**Өз тілшіміз.**

## ДЕНЬ ДУХОВНОГО СОГЛАСИЯ

***18 октября в Казахстане представители всех национальностей и конфессий отмечают День духовного согласия народа Республики Казахстан.***




Казахстанцы знают, что страна объединила на своей земле более ста национальностей и этносов, живущих исторически в добрососедских, дружных отношениях. И это главное наследие нашей страны. Именно так выразился Президент РК Касым-Жомарт Токаев в одном из своих посланий: «Наше главное богатство – благополучие и единство, стабильность и спокойствие, мир и согласие».

«Главным содержанием праздника являются мир, согласие и духовное единение всех казахстанцев. История праздника такова. 18 октября 1992 года в Алматы по инициативе Первого Президента РК Нурсултана Назарбаева прошел первый Всемирный конгресс духовного согласия. В мероприятии участвовали представители различных конфессий и духовных школ. Впервые в истории человечества за одним столом собрались представители всех традиционных религий, духовных общественных организаций, известные ученые и деятели культуры, которых волнуют проблемы духовности. Они приняли манифест, в котором и объявили 18 октября Днем духовного согласия – днем моратория на конфликты и столкновения, днем поиска примирения, днем милосердия и помощи ближнему. Ведь только мирное общение, искреннее желание понять и принять другого способствует преодолению конфликтов и насилия.

Этноконфессиональное многообразие Казахстана – общее богатство и достояние, оно создает благоприятную возможность для обмена культурными достижениями и лучшими традициями этносов. Проводником политики мира, согласия и взаимопонимания является Ассамблея народа Казахстана.

Духовное согласие в Казахстане опирается также на признание исторической роли традиционных религий в развитии культуры и общества. При этом при построении конструктивного диалога религий учитываются три важных аспекта: толерантность, взаимоуважение и открытость. Как отметил Президент Касым-Жомарт Токаев в своем Послании народу Казахстана, представителям различных религиозных объединений отводится важная роль в укреплении духовного согласия.

## ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІН АТАП ӨТТІ

**Құтқарушылар күніне орай Астрахан ауданының төтенше жағдайлар бөлімі мен №19 өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлеріне арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.**





Биыл төтенше жағдайларға қарсы қызметінің құрылғанына 28 жыл толып отыр. 1995 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылған болатын. Осының негізінде 19 қазан Құтқарушылар күні болып белгіленді.



Мерекеден басталмас бұрын атаулы күнге орай бөлім қызметкерлерінің аудандық мәдениет үйінің алдында көрсетілім жасады.Аудан әкімінің орынбасары Руслан Мұқанов құтқарушыларды кәсіби мерекелерімен құттықтап,

Сондай-ақ, төтенше жағдайлар бойынша бөлімінің бастығы, азаматтық қорғаныс майоры Аят Сералиев сала қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, алғысын жеткізді. Өз ісінің үздіктеріне Алғыс хат табыстады. Олардың қатарында осы қызметтен зейнеткерлікке шыққан ардагерлер Серік Досаев, Балташ Сағынаев, Нұрлан Қияқов, Жанболат Сағынаев, Ермек Жартыбаев, Виталий Карпин, Владислав Каратовский. Мерекелік іс-шара соңы аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының күшімен қойылған концертке жалғасты.

Құтқарушы мамандығының ең басты міндеті - өз өмірін қауіп-қатерге тіге отырып, азаматтарды қауіп-қатерден арашалау болып табылатын жоғары әрі жауапты миссия. Тәуліктің қай кезінде болмасын өрт сөндірушілер мен құтқарушылар қиындыққа тап болған жандарға көмек көрсетуге дайын тұрады. Олар ерлік пен батылдық танытa отырып, жанкештілікпен және жоғары дәрежелі кәсібилікпен өз қызметтерін абыроймен атқарып келеді.

**Арман ЖАПАРОВ.**

### АСТРАХАН АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

21 қазан күні сағат 8.00-де Астрахан ауылының орталық алаңында ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді.

24 қазан күні сағат 11.00-де аудандық мәдениет үйінде салтанатты жиын және мерекелік концерт өтеді.

25 қазан күні сағат 11.00-де Қазақстан Республикасы күніне орай Астрахан ауылында орталық алаңда мемлекеттік ту салтанатты түрде көтеріледі және «Republic day» марафон-жүгірісі өтеді. Жеңімпаздарды бағалы сыйлықтар күтеді. Барлық тұрғындар мен қонақтарды осы іс-шараға қатысуға шақырамыз.

### УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ И ГОСТИ АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА!

21 октября с 8.00 часов на центральной площади села Астраханка состоится сельскохозяйственная ярмарка.

24 октября в 11.00 часов в районном Доме культуры состоится торжественное собрание и праздничный концерт.

25 октября в 11.00 часов в честь Дня Республики Казахстан в селе Астраханка на центральной площади состоится торжественное поднятие Флага и будет дан старт марафону-забегу «Republic day». Победителей ждут ценные подарки. Приглашаем всех жителей и гостей принять участие в данном мероприятии.

# 5 НОЯБРЯ 2023 ГОДА ВЫБОРЫ АКИМА АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА

## АҚМОЛА ОБЛЫСЫ АСТРАХАН АУДАНЫ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ ЕРСЕЙІТОВ ТАЛҒАТ АМАНБАЙҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Ерсейітов Талғат Аманбайұлы 1974 жылы 15 сәуірде Астрахан ауылында дүниеге келген. Астрахан ауданы. Целиноград облысы. Қазақстан Республикасының Азаматы. Партиялық емес.**

**Білімі жоғары. Целиноград ауыл шаруашылығы институтын "Агрономия" мамандығын, С.Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университетін "ұйымдастырушы экономист" мамандығын, басқару институтын "Қаржы және несие" мамандығы бойынша бітірген.**

**Еңбек жолын Астрахан аудандық Әкімшілігінің аппаратында аға маман, кейін ішкі саясат бөлімінің бас маманы болып бастады. 1997 жылдың желтоқсанынан 2007 жылдың тамызына дейін Астрахан ауданы бойынша Салық комитетінде жұмыс істеді және төрағаның орынбасарына дейін жұмысты атқарды. 2007 жылғы тамызда Аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланды, ал 2007 жылғы 27 тамызда оның бірінші сессиясында Астрахан аудандық мәслихатының хатшысы болып сайланды. 2007 жылдың қазан айынан бастап Талғат Аманбайұлы ауданның атқарушы органдарына жұмысқа ауысады және төрт жыл бойы аудан әкімінің орынбасары болып жұмыс атқарды. 2012 жылғы 27 сәуірде Ақмола облысы әкімінің өкімімен Астрахан ауданының әкімі болып тағайындалды. 2017 жылғы 20 қарашада ауыстыру тәртібімен Есіл ауданының әкімі болып тағайындалды. 2019 жылғы 22 сәуірде ауыстыру тәртібімен Бұланды ауданының әкімі болып тағайындалды және жұмыс атқарады.**



***Бағдарламаның мақсаты:***

Астрахан ауданында ауыл шаруашылығы, өнеркәсіптік өндіріс және жеке кәсіпкерлік салаларындағы экономикалық бастамаларды арттыру, азаматтардың әл-ауқатын арттыру есебінен дамудың жаңа деңгейіне шығару.

***Сайлауалды бағдарламаның негізгі бағыттары:***

**1. Ауыл шаруашылығы саласында:**

- қазіргі заманғы технологияларды қолдану есебінен жалпы өнім көлемін ұлғайту;
- жер қорын тиімді басқару;
-әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнім-дерінің бағасын реттеу;
- инвестициялық жобаларды іске асыру;

**2. Кәсіпкерлік саласында**

- кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету;
- өңірдің қажеттілігін ескере отырып, өндірілетін өнімдер мен қызметтер тізбесін іске асыруға және кеңейтуге жәрдемдесу.

**3. Инфрақұрылымды дамыту мәселелері:**

- ауданның ауылдық елді мекендерін сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету;
- ауданның көлік инфрақұрылымын жақсарту және жол қозғалысы қауіпсіздігі;
- елді мекендерді жарықтандыру;
- ұялы байланыспен қамту аймағын ұлғайту және интернет сапасын арттыру;
- коммуналдық саланы дамыту.

**4. Мәдениетті дамыту - адам руханиятының, бұқаралық спорттың негізі ретінде қолда-ныстағы бағдарламалар шеңберінде.**

**5. Адами капиталға инвестициялар:**

***денсаулық сақтау саласында:***

- медициналық кадрлардың, оның ішінде кіші мамандықтағы дәрігерлердің тапшылығы мәселесін шешу;
- медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру;

***білім беруде:***

- мектептерде білім беру сапасын арттыру бойынша жұмыс;
- балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен 100% қамтуды қамтамасыз ету-қолданыстағы мамандықтардың сапасын арттыру және аудан үшін талап етілетін жұмысшы мамандықтарының тізбесін кеңейту;

***әлеуметтік қамсыздандыруда:***

- аға буынға қамқорлық жасау;
- көмекке мұқтаж халықтың әлеуметтік осал топтарының барлық санаттарын қамту;
- өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдар үшін орталық құруға жәрдемдесу;

***жастармен жұмыста:***

- жастарды ауданның белсенді қызметіне тарту және мансаптық өсу үшін жағдай жасау;
- жастардың бос уақытын өткізу орындарын құру;

**6. Аудан тұрғындарының қоғамдық және жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету.**

## ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА КАНДИДАТА В АКИМЫ АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ ЕРСЕИТОВА ТАЛГАТА АМАНБАЕВИЧА

**Ерсеитов Талгат Аманбаевич родился 15 апреля 1974 года в селе Астраханка. Астраханского района. Целиноградской области. Гражданин Республики Казахстан. Беспартийный. Образование высшее. Закончил Целиноградский сельскохозяйственный институт по специальности «Агрономия», Акмолинский Аграрный Университет имени С. Сейфуллина по специальности «Организатор экономист», Институт управления по специальности «Финансы и кредит».**

**Трудовую деятельность начал в аппарате Астраханской районной администрации старшим специалистом, затем главным специалистом отдела внутренней политики.**

**С декабря 1997 года по август 2007 года работал в Налоговом Комитете по Астраханскому району и прошел путь от специалиста до заместителя председателя. В августе 2007 года был избран депутатом районного маслихата, а 27 августа 2007 года, на первой его сессии избран секретарем Астраханского районного маслихата. С октября 2007 года Талгат Аманбаевич переходит на работу в исполнительные органы района и работает в течение четырех лет заместителем акима района. 27 апреля 2012 года распоряжением акима Акмолинской области назначен акимом Астраханского района. 20 ноября 2017 года, в порядке перевода, назначен акимом Есильского района. 22 апреля 2019 года, в порядке перевода, назначен и работает акимом Буландинского района.**

**Цель программы:**

Вывести Астраханский район на новый уровень развития за счет повышения экономических инициатив в сферах сельскохозяйственного, промышленного производства и частного предпринимательства, повышение благосостояния граждан

***Основные направления предвыборной программы***

**1. В отрасли сельского хозяйства:**

- увеличение объемов валовой продукции за счет применения современных технологий;
- эффективное управление земельным фондом;
- регулирование цен на социально-значимые продукты питания;
- реализация инвестиционных проектов;

**2. В отрасли предпринимательства**

- обеспечение государственной поддержки предпринимателей;
- содействие в реализации и расширении перечня производимой продукции и услуг с учетом потребности региона.

**3. Вопросы развития инфраструктуры:**

- обеспечение качественной питьевой водой сельские населенные пункты района;
- улучшение транспортной инфраструктуры района и безопасность дорожного движения;
- освещение населенных пунктов
- увеличение зоны покрытия мобильной связью и повышение качества Интернета
- развитие коммунальной сферы

**4. Развитие культуры - как основы духовности человека, массового спорта будут решаться в рамках действующих программ.**

**5. Инвестиции в человеческий капитал:**

***в здравоохранении:***

- решение вопроса дефицита медицинских кадров, в том числе врачей узких специальностей;
- повышение качества оказания медицинских услуг;

***в образовании:***

- работа по повышению качества образования в школах;
- обеспечение 100% охвата дошкольным воспитанием детей
- повышение качества существующих и расширение перечня востребованных для района рабочих специальностей;

***в социальном обеспечении:***

- обеспечить заботу о старшем поколении;
- охватить все категории социально уязвимых слоев населения нуждающихся в помощи;
- содействие созданию Центра для лиц, оказавшихся в трудной жизненной ситуации;

***в работе с молодежью:***

- привлечение молодежи к активной деятельности района и создание условий для карьерного роста;
- создание мест досуга молодежи;

**6. Обеспечение общественной и личной безопасности жителей района.**

## «AMANAT» ПАРТИЯСЫНАН АҚМОЛА ОБЛЫСЫ АСТРАХАН АУДАНЫ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ БОЛАТ ДҮЙСЕНҰЛЫ ТОКИШЕВТЫҢ 2023-2027 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Мен, Болат Токишев, Жезқазған облысының Қаражал қаласында дүниеге келдім. ҚР МТК Қарағанды жоғары мектебінде «Құқықтану» мамандығы бойынша және Көкшетау университетінде «Орман шаруашылығы» мамандығы бойынша жоғары білім алған.**

**Еңбек жолын Теміртау қаласындағы Ішкі істер басқармасында бастады, Макинск қаласындағы «Бастау» ЖШС директоры болып жұмыс істеді.**

**2019 жылдың сәуір айынан бастап Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары болып жұмыс істеймін.**



Астрахан ауданы-облысымыздың ең бай және дамыған аудандарының бірі. Бізде ірі кәсіпорындар мен талантты кәсіпкерлер бар. Білім беруде, мәдениетте және спортта үлкен әлеует бар.

Менің бағдарламам «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдар-ламасымен тығыз байланысты.

Мен Астрахан ауданы біздің облыстағы өмір сапасы бойынша көшбасшылардың бірі болады деп сенемін, Мен мұны қалай жасау керектігін білемін. Мен мұны өз бағдарламамда қорытындыладым. Бар-лығымыз көп жұмыс істеуіміз керек, бірақ Сіздің қолдауыңызбен біз оны жеңе аламыз. Астрахан ауданының тұрғындары өз жерінде лайықты өмір сүруі керек!

**Мені аудан әкімі етіп таңдаңыз мен алдағы 4 жылда күш саламын:**

- Жарсуат және қамыс ауылдарында 2025 жылға дейін су құбырына ағымдағы жөндеу жүргізу;
- 2025 жылы Старый Колутон ауылында дәрігерлік амбулаторияның сапалы құрылысы;
- 2025 жылға дейін Первомай және Жалтыр ауылдық округтерінде сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету;
- 2026 жылға дейін біздің ауданда шамамен 10 мың шаршы метр жалға берілетін тұрғын үй салу;
- 2025 жылға дейін Астрахан және Жалтыр ауылдарында шамамен 1,5 мың км инженерлік желілер салу;
- 2024 жылы Новочеркасское ауылында Мәдениет үйі мен спорт залын салу.

**Мен өз үлесімді қосамын:**

- Астрахан және Жалтыр ауылдарында ҚТҚ полигондарын салу мәселесін шешу;
- халыққа уақтылы және сапалы медициналық қызмет көрсету;
- «Ауыл аманаты» жобасы шеңберінде табыстарды арттыру және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету арқылы аудан тұрғындарының тұрмыс сапасы мен әл-ауқат деңгейін жақсарту;
- «Бақытты отбасы» жобасы шеңберінде барлық ауылдық округтердің балаларын спорттық және мәдени іс-шаралармен қамтуды ұлғайту.

**Құрметті аудан тұрғындары!**

Ертең біздің ауданымыз қандай болатыны әрқайсымызға байланысты.

Сондықтан мен Сізді сайлау учаскелеріне келіп, маған дауыс беруге шақырамын.

Сіздің дауысыңыз - бұл біздің балаларымыздың, жастардың, ата-аналардың бақытты және гүлденген өміріне қосқан үлесі!

**Гүлденген аудан - табысты ел!**
**Сайлауға келіңіз!**
**Маған дауыс беріңіз!**

## ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА НА 2023-2027 ГОДЫКАНДИДАТА В АКИМЫ АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ ОТ ПАРТИИ «AMANAT» ТОКИШЕВА БОЛАТА ДЮСЕНОВИЧА

**Я, Болат Токишев, родился в городе Каражал Джезказганской области. Получил высшее образование в Карагандинской высшей школе ГСК РК по специальности «Правоведение» и в Кокшетауском университете по специальности «Лесное хозяйство».**

**Свою трудовую деятельность начал в управлении внутренних дел в г.Темиртау, работал директором ТОО «Бастау», г.Макинск.**

**С апреля 2019 года работаю заместителем руководителя управления природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области.**

Астраханский район – один из самых богатых и развитых районов нашей области. У нас есть крупные предприятия и талантливые предприниматели. Есть огромный потенциал в образовании, культуре и спорте. Моя программа тесно связана с предвыборной программой нашей партии «AMANAT».

Я верю, что Астраханский район станет одним из лидеров по качеству жизни в нашей области, я знаю, как это сделать. Я кратко изложил это в своей программе. Нам всем предстоит большая работа, но с вашей поддержкой мы справимся. Жители Астраханского района на своей земле должны жить достойно!

**Выбирайте меня акимом района и в ближайшие 4 года я приложу усилия к:**

- проведению текущего ремонта водопровода в селах Жарсуат и Камышенка до 2025 года;
- качественному строительству врачебной амбулатории в селе Старый Колутон в 2025 году;
- обеспечению качественной питьевой водой в Первомайском и Жалтырском сельских округах до 2025 года;
- строительству порядка 10 тыс. кв. метров арендного жилья в нашем районе до 2026 года;
- строительству около 1,5 тыс. км инженерных сетей в селах Астраханка и Жалтыр до 2025 года;
- строительству Дома культуры и спортивного зала в селе Новочеркасское в 2024 году.

**Внесу вклад в:**

- решение вопроса по строительству полигонов ТБО в селах Астраханка и Жалтыр;
- своевременное и качественное оказание медицинских услуг населению;
- улучшение качества жизни и уровня благосостояния жителей района путем повышения доходов и обеспечения занятости в рамках проекта «Ауыл аманаты»;
- увеличение охвата детей всех сельских округов спортивными и культурными мероприятиями в рамках проекта «Бақытты отбасы».

**Дорогие жители нашего района!**

От каждого из нас зависит каким будет наш район завтра.

Поэтому, я призываю вас прийти на избирательные участки и проголосовать за меня.

Ваш голос – это вклад в счастливую и благополучную жизнь наших детей, молодежи, родителей!

**Благополучный район –**
**успешная страна!**
**Приходите на выборы!**

## ПРАЗДНИЧНЫЙ КОНЦЕРТ

**18 октября в Первомайском Центре оказания специальных социальных услуг состоялось мероприятие в рамках месячника по поддержке пожилых и инвалидов.**




Цель мероприятия - привлечение внимания общественности к проблемам этих людей, обеспечение их независимого участия в общественной деятельности экономической и культурной жизни общества.

На праздничный концерт были приглашены Егинбаев Канат Айтуарович - аким Первомайского сельского округа, Вереина Светлана Геннадьевна - руководитель отдела занятости, Плотникова Анастасия Владимировна - советник акима района по вопросам лиц с инвалидностью, Ильдебаев Валихан Дуйсенбаевич - директор «ТОО Камышенка».



В программе концерта были представлены стихотворения и песни, посвящённые особенным людям. А также выступил шумовой оркестр Центра и танцевальный дуэт. Каждый номер концерта проходил под бурные овации зрителей, что очень немаловажно для выступающих.

В завершении мероприятия было сделано общее фото.

**Соб. инф.**




## ЧТО НУЖНО ДЛЯ КОМФОРТНОЙ РАБОТЫ

АПК

**Даулет Жанайдарович Жумальдинов руководит сельхозпредприятием в Астраханском районе уже более 10 лет. Работники возглавляемого им ТОО «Нива» занимаются выращиванием зерновых и зернобобовых культур, а также семеноводством.**

До того момента, как возглавить компанию, аграрий 10 лет трудился здесь же агрономом, затем инженером, был и механизатором, успев стать, как принято говорить, мастером на все руки, вникнув во все тонкости профессии, в которой нашел себя почти 30 лет назад.




Как признается хлебороб, его кандидатуру на позицию директора учредители утвердили, опираясь на его большой опыт и практические знания в сфере растениеводства.

Мы познакомились с Даулетом Жанайдаровичем этим летом на международной сельскохозяйственной выставке – Дне поля «Jańa Dala/Green Day 2023». Встретившись на одном из самых масштабных мероприятий страны, не могла не поинтересоваться у агронома, что нового он открыл для себя на просторах села Енбек, где проходила выставка.

– В столь масштабном мероприятии я участвую впервые. Конечно, не всегда получается посетить лично все сельскохозяйственные выставки, но в таких случаях мы обязательно командируем представителей от «Нивы» в первую очередь для повышения квалификации работников, расширения их кругозора, обмена опытом и знакомства с новинками в сфере земледелия. Здесь меня впечатлил уровень внедрения инноваций, представленные технологии возделывания полей, также ознакомился с трендами новой техники и сельскохозяйственного оборудования зарубежного и отечественного производства, – рассказал он тогда.

На сегодняшний день в ТОО «Нива» трудятся 25 человек, все они из числа местных жителей, компания старается обеспечить людей необходимыми условиями и социальным пакетом. Как признается аграрий, сегодня отрасль испытывает очень большой дефицит квалифицированных кадров, и решать эту проблему нужно уже в ближайшие годы, пока не ушли на пенсию старожилы, которые могут и должны делиться опытом с молодым поколением.

Сельхозпредприятие сегодня возделывает землю общей площадью 3 800 гектаров, где сеют пшеницу и ячмень. К слову, как отметил опытный агроном, размер земельного участка вполне достаточный для комфортной работы – это и немало, но и не слишком много.

– У нас имеются 5 комбайнов модели К-700 и Вектор-450, из семян отдаем предпочтение местным шортандинским сортам. Это 2012, 95 улучшенный сорт пшеницы и ячмень. Плотно сотрудничаем с НПЦЗ им. Бараева, ежегодно следуем их рекомендациям. В рамках лизинга ранее взаимодействовали с «Казагрофинанс», у них самые лояльные условия для клиентов, но сейчас уже наше предприятие закрыло все кредиты и стараемся не приобретать технику в долг. Не мешало бы, конечно, обновить парк комбайнов, но их стоимость сейчас заоблачная, и на запчасти цена сумасшедшая, а подержанную технику покупать не хотим, – делится в интервью наболевшим Даулет Жанайдарович.

– Какие технологии используете, чтобы добиться максимальной урожайности?

– Мы не практикуем ранний сев, стараемся следовать уже проверенным, советским технологиям. Используем химпрополку, и, как я уже говорил, полностью соблюдаем рекомендации наших ученых из научного центра.

Собеседник рассказал и о благотворительной деятельности предприятия в Астраханском районе.

– Мы оказываем финансовую поддержку спортсменам района, участвующим в турнирах по вольной борьбе, часто они представляют наш регион в мероприятиях республиканского уровня. Также не остаемся в стороне от религиозных праздников в мечетях, например, во время Курбан айта, по мере возможностей участвуем в развитии инфраструктуры родного края, ремонте дорог и соцобъектов…

**Мадияр КОЖАГЕЛЬДИН.**

КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ҚОҒАМ

## ЕЛДЕГІ АЛҒАШҚЫ

**Биыл Солтүстік аймақтарда қатты жаңбырдың салдарынан бидай элеваторларға жоғары ылғалдылықпен түседі. Қиын жағдайдан шығудың жолын Қазақстандағы алғашқы элеваторлық жабдық зауыты- «AZAM-KC» ЖШС мамандары ұсынады. Компания еліміздің және шетелдің фермерлік шаруашылықтары мен астық қабылдау пункттерінде сенімді кептіру жабдықтарын өндіреді және орнатады.**

Астық кептіру және астық тазарту кешендерін шығаратын Қазақстандағы ірі кәсіпорындардың бірі ауданымызға қарасты Жалтыр ауылында орналасқан.

- Мұның бәрі 2012 жылы басталды деп айтуға болады. Басшылықты өз мойнына алған Аязбек Мусиннің астық кептіру жабдығын қалай өндіру идеясы ғана емес, сонымен қатар кәсіпорынның даму стратегиясы да болды. Зауыт жұмыс істеген жылдары ол өзін ақтады: «AZAM-KC» ЖШС фермерлермен тек біздің еліміздің аумағында ғана емес, сонымен қатар Орынбор және Омбы облыстарында астық кептіру кешендерін орнатуда, – дейді зауыт директорының техникалық мәселелер жөніндегі орынбасары Ануарбек Томков.




Астық кептіргіштердің жұмыс принципі қарапайым болып көрінеді: Астық элеватор бойымен өтеді, жылы ауамен үрленеді, топырақ пен еден бөлшектерінен тазартылады, алайда 10 жыл бұрын кәсіпорындар конструкторлық бюрода «КС-30» астық кептіргішінің отандық моделін жасады. Техникалық сипаттамалары бойынша кешен шетелдік аналогтардан асып түсті.

Бүгінгі таңда кәсіпорын астық өңдеу бойынша жабдықтардың барлық номенклатурасын шығарады, жыл сайын кәсіпорынның географиясы кеңейіп келеді: Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақтөбе, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Жамбыл, Алматы облыстары ҰБТ он жыл ішінде зауыт айтарлықтай алға жылжыды және тоқтамақ емес, жабдықтарды үнемі жетілдіріп отырады, Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге жаңа жабдықтарды ұсынады жабдықтар.

– Біз тек астық кептіру кешендерін өндіріп қана қоймаймыз, - деп түсіндіреді техникалық бақылау бөлімінің инженері Арғын Сәдуов. – Біз жобаны әзірлеуді, іргетас қалаудан бастап «кілтке» орнатуға дейін орнатуды өз мойнымызға аламыз, іске қосу-реттеу жұмыстарын жүргіземіз, қажет болған жағдайда қолда бар жабдықты өндіреміз. Сондай-ақ, қызметкерлерді оқытуды жүргіземіз.



Астық кептіру кешендері тек дәнді дақылдарға ғана емес – бидай, сұлы, қара бидайға да арналған, мұнда күнбағыс, жүгері және майлы дақылдар – зығыр, софлор, рапс кептіруге болады.

Астық кептіргіштерінің басқа да артықшылықтары бар. Отандық игеру және сапалы материалдар жабдықтың ыстықта да, аязда да, шетелдік аналогтар температураға төтеп бере алмаған кезде бірдей жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. 2019 жылы зауыт «Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын» номинациясы бойынша ҚР Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын алды.

– Фермерлер үшін тағы бір артықшылығы - біздің ұтқырлығымыз. Сынған жағдайда біз кез-келген бөлікті қысқа мерзімде ауыстыра аламыз, өйткені біз металл бұйымдары мен электрониканың шамамен 90%. Сол жерде жасаймыз. Ақмола өңірі бойынша қажетті бөлшекті екі күнде, басқа облысқа – сәл ұзағырақ әкелеміз және орнатамыз. Күн сайын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер есепшотқа отырғанда, бұл азап шегудің маңызды артықшылығы. Ал кепілдік мерзімі аясында – 12 ай – зауыт барлық жұмыстар мен көлік шығындарын өз мойнына алады, – деп атап өтті сату бөлімінің басшысы Айбек Мусин.

Сонымен қатар, компания басшылығы көптеген әлеуметтік жобаларды жүзеге асырады. Мысалы, Жалтыр ауылында мешіт салып, жергілікті хоккей командасына демеушілік көрсетуде. Кәсіпорында жұмысшылардың көпшілігі жергілікті, бірақ басқа қалаларға тұрғын үй беріледі. Айтпақшы, кәсіпорында аудан бойынша ең жоғары жалақы, тіпті кіші слесарь 200 мың теңгеден алады.

**Өз тілшіміз.**

# МЕНІҢ ОТАНЫМ - ҚАЗАҚСТАН

25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

**Астрахан ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің тілдерді оқыту орталығы. Баршаңызды келе жатқан Ұлттық мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтайды! Бұл мереке біртұтас Қазақстанның берекесі мен бірлігінің, әрбіріміздің туған өлкемізге деген шексіз сүйіспеншілігіміз бен адал еңбегіміздің нәтижелі нышаны деп білеміз.**

Мен қазақпын, биіктін,
байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге
қайта келдім.
Мен мың да бір тірілдім
мәңгі өлмеске,
Айта бергім келеді, айта
бергім,

- деп Жұбан ақын жырлағандай, біз мәңгі өлмейтін халықтың ұрпағымыз.

Менің елім – Қазақстан. Осынау құдіретті сөзді әрбір Қазақстан Республиксының азаматы асқақ сезіммен, ерекше мақтанышпен айта алары анық. Қазақстан - бүтін қазақ халқының ата мекені, кіндік қаны тамған киелі жері. Ол-менің елім! Менің Отаным- Қазақстан. Ата – бабаларымыз тәуелсіздік жолында қан майданға салынып, талай шайқастарға қасықтап қанын төгіп, Отан үшін отқа түсті. Тәуелсіздік жолында халқымыз тағдардың талай тәлкегіне, талай азабына шыдады, қиын күндерді бастан кешірді. Ағаларымыз бен апаларымыз найзаның ұшыменен өз Отанын қорғады. Адам шыр етіп дүниеге келгенде, кіндік қаны тамған жерін – Отан дейді. Әрбір адамда Отанға, туған жерге деген ыстық сезім, үлкен махаббат болады.. Адамзаттың парызы - туған Отанын гүлдендіріп, сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу. Қазақстан Республикасында ана тілі - қазақ тіліне мемлекеттік статус берілген. Қазақстан тәуелсіз ел болып қалсын десек, онда ең алдымен ана тілін дамытуға күш салғанымыз жөн. Ана тілін дамытып, қорғау дегеніміз – біз өз ана тілімізде таза сөйлеуіміз және оны жақсы біліп, туған анамыздай сүюіміз керек деген сөз.

Тіл халықтың жаны, сәні. Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Өйткені халқымыз дәрежеге емес, дәстүрге бағынған. Еліміз Қазақстан Республикасы Егеменді ел атанып, ана тілімізге мемлекеттік статус берілді. «Тіл туралы» Заң қабылданды.

«Сөзі жоғалған жұрттың-өзіде жоғалады»-деп бекер ой қорытпаса керек. Сондықтан да қазақ тілін «ана тілі» деп атаған. Тіл әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп қалыптасады. Тіл байлығы-әрбір елдің ұлт мақтанышы деп білемін. Тілтағдыры ел тағдыры екенін ешқашан ұмытпайық. Әрбір адам өз ана тілін білуге және мемлекеттік тілін меңгеруге міндетті. Өз тіліңізді сүйе отырып, өзге тілге құрмет білдіріңіз.

Мемлекеттік тілімiз өркендей берсін! Тұғыры биік болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, көк байрағымыз мәңгі желбірей берсін!

**Гульмира ТАЙШИБАЕВА,**
**тілдерді оқыту орталығының оқытушысы.**

# ТОЛЬКО ЛИЧНЫМ ПРИМЕРОМ МОЖНО ЗАВОЕВАТЬ ДОВЕРИЕ СЕЛЬЧАН

**СЛОВО О РУКОВОДИТЕЛЕ**

**В 2021 году в марте месяце, у нас состоялись на станции Колутон выборы акима Колутонского сельского округа. Много было претендентов на это место. Из 11 членов местного сообщества проголосовали все «за» единогласно 11 голосов. 97 % жителей посёлка отдали свои голоса за Балгабаева Аскерхана Балмухановича, которого знали все жители как честного, порядочного, добросовестного, доброжелательного и исполнительного человека. Человека своего слова.**

Сами знаете, что работая акимом села - это значит, нет режима в работе, порой некогда пообедать во время, уходишь утром рано, приходишь - поздно.

С приходом Аскерхана Балмухановича посёлок ожил, преобразился. Вопросов было много и все они первоочерёдные: дороги, вода, благоустройство и т.д.

Частично были сделаны дороги, ещё предстоит работа по ним: продолжить укладывать асфальт по другим улицам. Планируется ремонт дороги между Старым Колутоном и станции Колутон, проведут воду хорошую, т.к .питьевая вода наша желает быть лучше.

Много было сделано у памятника воинам-участникам Великой Отечеcкой войны: восстановление, озеленение (сам Балмуханович собирал семена, рассаду цветов, кустарников для аллеи с такой заботой).

Первым откликнулся по обеспечению материальной помощи переселенцам с Кызылорды в с.Бирлик: жители отдавали: диваны, кровать, детскую кроватку, кресла, столы, газовую плиту, постельное бельё, корпешки, детские вещи, а шести летний мальчик Болат Султан (Абденов), поделился своими любимыми игрушками- машинками. Он говорит, у меня их много, а у приезжих детей нет.

30 лет в центре посёлка, возле магазина стояла старая, полуразрушенная каменная пекарня, Аскерхан Балмуханович очистил эту территорию, привлекая спонсоров. Стало чисто, приятно, аккуратно.

У нас было старое футбольное поле, он с помощью спонсоров очистил его, отремонтировал, разровнял, пустил автогрейдер по полю. Большая радость для детей.

Ежегодно с помощью учащихся и учителей проводит работу к Новому году по благоустройству катка, горки и установки настоящей ёлки (с игрушками и гирлянда-





ми). Здесь можно увидеть и детей, и взрослых.

А как проходит у нас праздник Наурыз! С мероприятиями, играми, застольем и призами....

На День пожилых, те пенсионеры, которые больные и не могли прийти на праздничный концерт, застолье (опять таки, огромное спасибо спонсорам) Аскерхан Балмуханович развозил пакеты с продуктами по домам. Они очень благодарны и рады за то, что их не забывают.

Аскерхан Балгабаевич не забывает про ТОО «Толкынколь» спонсором которого, является Аксеитов Женис, который на Новый год дарит в каждый дом (а их 11) новогодние подарки.

Много работы было сделано самим акимом по ремонту здания акимата: сам штукатурил, ложил плитку, варил металлические заборы, выходил вместе с рабочими на уборку территории.

Внешний вид в здании и у здания акимата преобразился, стало чисто, светло, аккуратно. Теперь так приятно ходить в акимат. Коллектив сплочённый, дружный, приветливо встречают и провожают клиентов. Очень хорошие специалисты, знающие свою работу.

Началась работа по установке в центре села фонтана и скульптуры орла, где жители смогут посидеть и отдохнуть.

Много задумок у нашего акима и планов много....

Мы хотим, чтобы они были им исполнены и желаем ему: крепкого здоровья, бодрости духа, успехов в труде, благополучия, сил, творческих дерзаний и исполнения задуманного...

**Жители**
**ст. Колутон.**

# ОБАЛ – САУАП ТАРАЗЫСЫ

**ИМАНДЫЛЫҚ**

**Адам тіршілігінің негізгі қайнар көздерінің бірі ол – саудасаттық. Бірақ сауданың да адалы мен арамы болады. Сол себепті, Алла тағала адам баласына бұл мәселеде қатты көңіл бөліп қарауына бұйырады. Алла Тағала кем өлшеудің ауыр күнә екенін ескертіп Құранның Мутаффифин сүресі былай дейді: «Өлшеу, тартуда кеміткендерге нендей өкініш! Олар қашан өлшеп алса, толық өлшеп алады да; Қашан олар, өлшеп немесе тартып беретін болса, кемітеді. Олар қайта тірілетіндіктерін ойламай ма? Ол зор күн үшін; Ол күні адамдар, бүкіл әлемнің Раббының алдында тұрады. Олай емес. Негізінен бұзықтардың дәптері төменгі орында болады».**

Осы сүренің түсу себебіне назар салып қарасақ. Алла елшісі (Алланың игілігі мен сәлемі болсын) Медина қаласына келген кезде ол жердің халқы таразыдан жеуде әбден жілігін шағып майын ішкен болатын. Сол себебтен, Алла тағала осы аятты түсірген. Имам Құртуби (Алла рахымына алсын): «Бұл сүре Әбу Жухайна деп танылған, шынайы аты Амр деген кісіге байланысты. Ол кісінің екі таразысы болған. Бірімен өлшеп алатын болса, екіншісімен өлшеп беретін еді» - Базарда саудамен айналысқан мұсылмандар өздерінің сатып жатқан тауарларына қатты мән беру тиіс. Әсіресе, таразымен өлшеп сататын мұсылмандар. Өлшемде қиянат жасамау үшін таразы құрды. Әділдік үшін өлшемде мүлт кетірмеуді, таразыдан жемеуді бұйырды. Бұл жайында Құранда: «Өлшемде әділ болыңдар. Таразыдан жемеңдер» Себебі, қиямет күні тартқан әрбір таразымыз үшін біз сұраламыз, оның есебін береміз. Көнеден қалған сөз «Арамнан алған түйеден, адалдан алған ешкі жақсы» деп айтылған тәмсіл бар. Сауда-саттық жасайтын адам оны әділдікпен атқарып, өзгенің ақысына кірмеуі қажет. Ол үшін тауардың айыбын жасырмай айту, бағасын тым көтермеу, таразыда әділ өлшеу сияқты істерге аса мән берілуі тиіс. Алла Тағала қасиетті Құранның «Әнғам» сүресі, 152: «Таразыда өлшеуді дұрыс орындаңдар», – деп бұйырады. Сауда арқылы адал несібе табуды көздеген адам ешуақыт біреуді алдауына, өтірік айтуына, нашар тауарды жалған мақтауына, тауардың кемшілігін жасыруына болмайды. Бір күні ардақты Пайғамбарымыздың (Алланың игілігі мен сәлемі болсын) астық сататын базарға жолы түседі. Сатушының бидайын ұнатып, ұстап көрмек болып, қолын сұққанда астыңғы жағының дымқылдау екенін байқайды. Сонда Алланың Елшісі (Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Уа, бидайдың иесі, мұның не?» – дейді. Саудагер: «Алланың Елшісі, астығым жауынның астында қалып, су болып қалды», – деп ақталады. «Сол дымқыл жағын адамдар көруі үшін бидайдың үстіне шығарып қоймайсың ба? Бізді алдайтындар бізден емес», – дейді. Халқымызда «Адал кісі арымас, арам кісі жарымас» Қанатты сөзге байланысты мына оқиғаны еске түседі.

Күйеуі дүниеден озған жесір бір кейуана күнде сиырынан сауған сүттен сары май шайқап, дүкенге сатуға әкеледі екен. Дүкеннің қожайыны да кейуанаға сенімділік танытып, майын еш өлшеместен сатып алады екен. Бір күні дүкеншінің көңіліне күмән ұялап нәпсісі азғырып кейуанадан сатып кеткен майын таразыға тартып көрмекші болады. Сөйтсе, бір келі деп алған майы тоғыз жүз грамм ғана шығады. Бұған қатты ашуға беріліп дүкенші ертесі күні тағы да майын құшақтай келген кейуанаға . Екінші маған майыңызды әкелмей-ақ қойыңыз. Бұдан былай сізден май алмаймын, - деп дүрсе қоя береді.

Көңіл күйі түсіп кеткен кейуана:

Не кателік істедім, балам-ау? – дейді ештеңені түсінбестен.

Сіздің маған бір келі деп әкеп жүрген майыңыз тоғыз жүз грамм ғана шықты. Таразыдан жеу күнә емес пе? Қалайша ұялмайсыз? – дейді дүкенші.

Сонда әлгі кейуана тандана: Балам, менде тіпті таразы да жоқ оны өлшейтін. Мен бұл әкеп жүрген майымды өткенде өзің маған бір келі деп сатқан қантты кір ретінде пайдаланып, өлшеп әкеп жүрмін, - дейді.

Мұны естіген дүкенші қызара бозара кірерге тесік таппай, қатты ұялады.

«Біреуге ор қазба, өзің түсесің», «Не ексең, соны орасың» «Арамнан алған түйеден, адалдан алған ешкі жақсы» деп айтылған тәмсіл бар. Сондықтан арам жолмен табылған мал-дүниеде еш уақытта береке болмайды. Береке – тек адал табыста болмақ. Адам баласы мұндай теріс жолмен табыс тауып, отбасын онымен асырауына болмайды. Ардақты Пайғамбарымыз (Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Харам пайдадан өскен ет (яғни, адам) жәннатқа кірмейді», деген.

Хакім Абай:

Құлық, сұмдық, ұрлықпен мал жиналмас,
Сұм нәпсің үйір болса, тез тыйылмас.
Зиян шекпей қалмайсың, ондай істен,

Мал кетер, мазаң кетер, ар бұйырмас, – деп өзгенің ақысына қол салып, ұрлық жасаудан сақтандырған. Қасиетті құранда «Бір-біріңнің малыңды нақақтан-нақақ жемеңдер. Сондай-ақ, адамдардың малының бір бөлігін негізсіз жейтіндерінді біле тұра, билерге пара беруге тырыспаңдар», (Бақара – 188 ): деп айтқан Алла елшісі (Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Кімде-кім мұсылман адамның хақын (жалған) антымен бөліп алса, Алла оған тозақты міндеттеп, жұмақты харам етеді». Бір кісі: «Уа, Алланың елшісі! Тіпті, мардымсыз нәрсе болса да ма?» – деп сұрады. Пайғамбарымыз (Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Тіпті, арак (бұл мисуак жасалынатын ағаш түріне қолданылады) ағашының бір шыбығы болса да», – деді (имам Муслим). Дана халқымыз ұрпағына: «Ешкімнің ала жібін аттама» деп, өзгеге қиянат жасамау, зиян бермеу, ақысыз мал-дүниесіне қол салмауды жастайынан үйретіп, құлағына құйып өсірген. Пайғамбарымыз (Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Саудаға қиянат араласқан кезде берекет кетеді.» Қорыта келе, сауда Пайғамбарымыздың (Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сүннеті ал хадисінен білгеніміздей екі дүние де берекелі жолы. Берекет дегеніміз – аздаған мүліктің көп пайдасы тиюі, көп нәрсеге жарауы деген сөз. Аздаған мүлік берекетті болса, көптеген адамның рахатына, көп жақсы істердің атқарылуына жарайды. Немесе берекеті болмаған көп мүлік бар, иесінің дүние мен ахиретте зиянға ұшырауына себеп болады. Ықыласы түскен адамға « Береке тапқыр» деп батасын бере білеген. Олай болса, мал-мүліктің көп болуын емес, берекетті болуын сұрау керек!

Қорыта келе, сауда Пайғамбарымыздың (Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сүннеті, хадисінен білгеніміздей екі дүние де берекелі жолы. Әрекет бізден ал берекет Жаратқан раббымнан.

**Әділхан қажы,**
**Астрахан ауданың бас имамы.**

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПЕДАГОГТЕРДІ АТЕСТАТТАУ ЖҮЙЕСІ ЖЕТІЛДІРІЛІП ЖАТЫР

**Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша педагогтерді аттестаттау жүйесін жетілдіру жұмысы басталды. Атап айтқанда, Ұлттық платформа базасында педагог қызметінің нәтижелерін қалыптастыру процесі автоматтандырылуда. Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігінде өткен аппарат отырысында айтылды.**



Аттестаттау тәртібіне өзгерістер енгізу мақсатында осы жылдың мамыр айында жұмыс тобы құрылып, оның құрамына білім берудің әр деңгейі бойынша педагогтер мен сарапшылар кірді. Білім берудің барлық деңгейлері мен педагогикалық лауазымдардың ерекшеліктерін анықтау бойынша жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде әр білім деңгейі бойынша жеке лауазым санаты үшін бағалау критерийлері мен тиімділік көрсеткіштері әзірленді. Әр біліктілік санаты үшін белгіленген критерийлер сараланды. Бұдан басқа, сабақты бақылаудың автоматтандырылған түрі әзірленді, ол нақты сабақ мысалында сынақтан өткізілді.

«Атестатталатын педагог платформадағы өзінің жеке кабинеті арқылы аттестациядан өтуге өтінімді өз бетінше бере алады, мұнда интеграциялық әдіс қолданыла отырып, мұғалімнің жеке деректері, білім алушылардың оқу үлгерімі мен білім сапасы, олимпиадалар мен жобалардағы нәтижелері, біліктілікті арттыру курстары, ПББ нәтижелері және т.б. ақпараттар жинақталған. Сондай-ақ, педагогика мен оқыту әдістемесі бойынша тестілеу алынып тасталды. Педагогтің кәсіби шеберлігі тек оқытылатын пәні бойынша және ол өз санатын модератор мен сарапшы дәрежесіне көтеруге өтініш бергенде ғана бағаланатын болады. Жоспарланған жаңа өзгерістерге сәйкес, педагогтің жоғары кәсіби деңгейі мен табысты қызметі оқушыларының жетістіктеріне тікелей байланысты болмақ», - деді орта білім беру комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашев.

Айта кетейік, педагогтерді аттестациялаудың жаңартылған жүйесі 2024 жылдың қаңтар айынан бастап еліміздің төрт облысында: Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Түркістан облыстарында пилоттық режимде іске қосылады. Жобаны толық іске асыру 2024 жылдың көктемінде басталады деп жоспарлануда.

Аппарат кеңесінің соңында министр Ғани Бейсембаев түсіндіру жұмыстарын күшейту бойынша бірқатар тапсырмалар беріп, еліміздің әрбір өңірінде ақпараттық жұмыстарды кеңінен қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

## ҮШ ЗАҢ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЗАҢ**

**Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің депутаттары кеңейтілген отырыс өткізді. Жиында мемлекеттік марапаттар, қорғаныс өнеркәсібінің авиациясы және қорғаныс тапсырысы мәселелеріне қатысты заң талқыланды.**



Құжатта үш заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделіп отыр. Мәселен, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Заңға әдебиеттің дамуына ерекше үлес қосқан, бұрын «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына ие болған адамдарға және (немесе) мемлекеттік сыйлықтың иегерлеріне «Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атағын беру жөнінде толықтыру енгізіледі.

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Заңға мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның ұшу жұмысын ұйымдастыру және ұшуды объективті бақылауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық әзірлеу және бекіту туралы құзыреті бекітіледі.

Ал «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысы туралы» Заңға оқ-дәрі мен жарылғыш заттарды кәдеге жарату объектісінің өндірісін ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту жөнінде уәкілетті орган құзыретінің ерекшеі енгізіледі. Бұл оқ-дәрі мен жарылғыш заттарды сақтау, кәдеге жарату объектілерінде күзет және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үдерісін тиісінше ұйымдастыруды белгілеуге мүмкіндік береді.

Комитет мүшелері талқылау қорытындысы бойынша заңды Палатаның қарауына жіберу туралы шешім қабылдады.

**МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ**

## ӨМІРЛІК ЖАҒДАЙЛАР ЖӘНЕ ЗАҢДЫҚ ФАКТІЛЕРДІҢ ТІЗБЕСІН МЕН ІС-ӘРЕКЕТТЕР АЛГОРИТМІН АЙҚЫНДАЙДЫ

1. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкету үшін қалай өтініш беруге болады? Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі қандай?

Карантинге жатқызылған өнімді шетелге әкету үшін фитосанитариялық сертификат алуы керек.

Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерге әкету (экспорттау) үшін фитосанитариялық сертификат алу мақсатында жеке немесе заңды тұлға (көрсетілетін қызметті алушы) өтініштерін қабылдау келесі тәсілдер арқылы іске асырылады:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық бөлімшесінің кеңсесі;

2. www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы;

3. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

- көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға өтініш берген сәттен бастап, сондай – ақ порталға жүгінген кезде-2 (екі) жұмыс күні ішінде.

- карантинге жатқызылған өнімнің мәлімделген партиясының межелі елдің карантиндік фитосанитариялық талаптарына сәйкестігін растайтын, өтініш берілген күнге дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен асырмай берілген карантинге жатқызылған өнімнің жай-күйін карантиндік фитосанитариялық сараптау қорытындысы қоса берілген өтініш көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға берілген сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 5 (бес) жұмыс сағаты ішінде.

